

# KASE

# АПТАЛЫҒЫ

17–21 Мамыр, 2021

## KASE ОҚИҒАЛАРЫ

- ▲ "Бәйтерек "Ұлттық басқарушы холдингі" АҚ-ның KZ2C00007383 (BTRKb7) облигацияларымен KASE сауда-саттықтары [ашылды](#).
- ▲ KASE Басқармасы iShares Trust инвестициялық қоры шығарған [US4642882249](#) (US\_ICLN) iShares Global Clean Energy ETF акцияларын және [Gb00bhm19x50](#) (GB\_ALTН) AltynGold PLC қарапайым акцияларын KASE ресми тізіміне енгізу туралы шешім қабылдады.
- ▲ Ресей Федерациясы Қаржы министрлігінің RU000A102CL3 (RU\_20\_3211) және RU000A102CK5 (RU\_21\_2711) халықаралық облигациялары Т+ тізіміне және Т+ қамтамасыз ету тізіміне [енгізілген](#).
- ▲ "Фридом Финанс" АҚ Бәйтерек "Ұлттық басқарушы холдингі" АҚ-ға KZ2C00007383 (BTRKb7) облигациялары бойынша Биржада маркет-мейкер мәртебесі [берілді](#).
- ▲ "Қазақстан Халық жинақ банкі" АҚ Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің KZKD00000261 (MUM144\_0001) облигациялары бойынша Биржада маркет-мейкер мәртебесіне [ие болды](#).

## ЭМИТЕНТТЕРДІҢ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ МЕН АНОНСТАР


- ▲ Қазақстанның қаржы министрлігі Биржада MEУКАМ-144 үшінші шығарылымын ([KZKD00000378](#), MUM144\_0003), MEУКАМ-084 17 шығарылымын ([KZKD00000881](#), MUM084\_0017), MEУКАМ-072 13 шығарылымын ([KZKD00001145](#), MUM072\_0013) және MEУКАМ-084 18 шығарылым ([KZKD00001137](#), MUM084\_0018) орналастыру арқылы 135,1 млрд теңге тартты.
- ▲ "Отбасы банк" тұрғын үй құрылыс жинақ банкі " АҚ Биржада KZ2C00004133 (JSBNb1) облигацияларын жылдық 10,80 % орналастырып, 6,0 млрд [теңге тартты](#).
- ▲ "Қазақстан Халық жинақ банкі" АҚ 2021 жылдың I тоқсанындағы шоғырландырылған қаржылық нәтижелерін [хабарлады](#).
- ▲ ҚазМұнайГаз "ұлттық компаниясы" АҚ 2021 жылдың бірінші тоқсанындағы қаржылық нәтижелерін [хабарлады](#).
- ▲ NOSTRUM Oil & GAS PLC компаниясы 2021 жылдың I тоқсанындағы қаржылық нәтижелерін [жариялады](#).
- ▲ NOSTRUM OIL & GAS PLC компаниясы құқықты жүзеге асырудан бас тарту туралы екінші келісімге қол қойылғанын [хабарлады](#).
- ▲ "Алтыналмас АК" АҚ 2021 жылдың I тоқсанында өзінің артықшылықты акциялары бойынша дивидендтер [төледі](#).
- ▲ "Азық-түлік келісім-шарт корпорациясы" Ұлттық компаниясы" АҚ 2020 жылға жай акциялар бойынша дивидендтер [төледі](#).

21.05.2021	Трендтер (%)		
<b>KASE Индексі</b>	3 361,77	1,9	4,2
<b>Өтімділіктің бірінші сыныбы</b>	<b>Цена</b>	<b>Δ 7к</b>	<b>Δ 7а</b>
Газпром	1 516,0	4,9	16,6
<b>НАК Казатомпром</b>	13 051,0	4,6	1,7
<b>Народный банк</b>	157,0	2,6	-0,2
<b>Kcell</b>	2 599,0	2,4	2,3
<b>Банк ЦентрКредит</b>	251,3	1,7	7,9
Freedom Holding Corp.	19 771,0	1,7	-7,5
<b>КазТрансОйл</b>	1 213,7	1,6	7,9
Казхателеком, прив. акции	17 000,0	1,2	15,6
<b>KEGOC</b>	1 785,5	0,6	4,1
Bank of America Corporation	18 155,1	0,3	7,2
<b>Казхателеком</b>	28 900,0	-0,8	-1,2
Сбербанк	1 764,0	-1,3	8,9
Аэрофлот	417,0	-2,9	-1,9
Банк ВТБ	0,3	-6,9	0,0

Анықтама: жасып түспен индекстік акциялар белгіленген


**KASE Индексінің акциялары**

■ Сауда-саттық көлемі, млн теңге (←)  
— KASE Индекс i(→)



**Жеке тұлғалар мен бейрезиденттер үлесі**

— Жеке тұлға, %      — Бейрезиденттер, %



KASE индексі 1,9 %-ға-3 361,77 нүктеге дейін өсті. Индекстік акциялар арасындағы мәмілелердің ең көп саны Халық банкінің жай акцияларымен жасалды – 2019 мәміле (жалпы үлестің 44,2 %). Сауда-саттықтың ең үлкен көлемі "КазТрансОйл" бағалы қағаздарына тиесілі – 208,5 млн теңге (жалпы үлестің 30,7 %).

Әсу көшбасшылары арасында "Казатомөнеркәсіптің" жай акциялары жабылды. Атом компаниясы бейсенбі күні акционерлердің 2021 жылдың 19 мамырындағы жылдық жалпы жиналысында 2020 жылға дивиденд төлеуге 150 млрд теңгеден астам (бір жай акцияға 578,67 теңге) бағыттау туралы шешім қабылданғанын хабарлады. 2019 жылы дивидендтерге 99 млрд теңге бағытталған. 2020 жылдың қорытындысы бойынша "Казатомөнеркәсіптің" таза пайдасы 221,4 млрд теңгені құрады. Осылайша, таза пайданың 68 % дивиденд төлеуге жұмсалады.

Бұдан басқа, жұма күні компания 2021 жылдың I тоқсанына аудиттелмеген қаржылық есептілікті ұсынды, оған сәйкес 2021 жылдың қаңтар-наурыз айларының қорытындылары бойынша ҚЕХС бойынша компанияның таза пайдасы 4,9 есе қысқарды және 6 млрд теңгені құрады. Компанияның кірісі өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 9,9 %-ға, 55,6 млрд теңгеге дейін қысқарды. Жалпы пайда 30,7 %-ға, 17,5 млрд теңгеге дейін, салық салғанға дейінгі пайда 4,4 есе, 10,4 млрд теңгеге дейін қысқарды. 2021 жылдың қаңтар-наурызында бағамдық айырма бойынша таза пайда 5,3 есе, 1,1 млрд теңгеге дейін қысқарды.


Сонымен қатар, Халық банкі 2021 жылдың қаңтар-наурызында ҚЕХС бойынша 96,8 млрд теңге мөлшерінде шоғырландырылған таза пайда алғанын, бұл 2020 жылдың қаңтар-наурызына қарағанда 19,4 %-ға артық екенін хабарлады. Осыған орай, елдегі ең ірі коммерциялық банк акцияларының бағасы ковидке дейінгі деңгейіне жақындады. Банк таза пайда негізінен сақтандыру қызметінен түскен таза кірістің, таза комиссиялық кірістің өсуі және кредиттік шығындар бойынша шығыстардың төмендеуі есебінен артқанын атап өтті. есептік кезеңде таза пайыздық кіріс 3,3 %-ға 107,5 млрд теңгеге дейін, таза комиссиялық кіріс – 28,6 %-ға 17,9 млрд теңгеге дейін ұлғайды.

Сонымен қатар, KEGOC акциялары сәрсенбіде 1 804,77 теңге белгісінде жабылып, тарихи максимумды жаңартты. KEGOC 2021 жылдың қаңтар-наурызында қаржылық есептілікті ұсынды, оған сәйкес компания 13,4 млрд теңге мөлшерінде ҚЕХС бойынша таза пайда алды, бұл 2020 жылдың қаңтар-наурызынан 4,6 %-ға артық. Сонымен қатар, компания 2020 жылы жай акциялар бойынша 39,5 млрд теңге дивиденд төлегенін хабарлады (бір жай акцияға 152,1 теңге). 2020 жылдың II жартыжылдығының қорытындысы бойынша дивидендтер 2021 жылдың 12 мамырынан бастап төлене бастады. Компанияның таза пайдасы 2020 жылы 53,5 млрд теңгені құрады. Осылайша, таза пайданың 74 % дивиденд төлеуге бағытталды.




Мемлекеттік бағалы қағаздармен репо операцияларының кірістілігі бір күн мерзімге 1 б.н. – жылдық 8,03 % деңгейіне дейін төмендеді. АҚШ долларының кепілдігімен теңгенің қарыз алу мөлшерлемесі 2 б.н. төмендеп, жылдық 7,94 % құрады. есептік кезеңде бір күнге теңгелік өтімділіктің қарыз алуының орташа көлемі 468,5 млрд теңгені құрады (алдыңғы аптадағы ұқсас көрсеткішке +17,8 %).


### Инфляция және пайыздық мөлшерлеме



### Основные параметры размещения нот НБРК



### Тәуекелсіз қысық кірістілігі





АҚШ долларының теңгеге шаққандағы бағамы 0,24 теңгеге (0,1 %) – 428,86 теңгеге дейін өсті. Сауда-саттықтың орташа көлемі \$121,7 млн. құрады, АҚШ долларын сатып алу және сату бойынша мәмілелердің жалпы саны 1591 құрады. Максималды баға бір АҚШ доллары үшін 429,85 теңгені, минималды баға – 425,60 теңгені құрады.


Аптаның сауда-саттық қорытындысы бойынша теңге АҚШ долларына қатысты аздап әлсіреді. АҚШ доллары Федералдық резервтік жүйе (ФРЖ) өкілдерінің мәлімдемелері және әлемдік нарықтардағы тәуекелге тәбеттің жалпы әлсіреуі аясында аптаның басында негізгі валюталардың көпшілігіне қатысты арзандады. Дүйсенбіде Атланта Федералды резервтік банкінің (ФРБ) онлайн-конференциясында сөйлеген ФРЖ төрағасының орынбасары Ричард Кларид американдық еңбек нарығы пандемияға дейінгі деңгейден әлі де алыс екенін атап өтті. Американдық Орталық банктің тағы бір өкілі – Атланта ФРБ басшысы Рафаэль Бостик АҚШ-тағы жұмыс орындарының саны пандемияға қарағанда әлі де 8 миллионға аз екенін атап өтті және ФРЖ бұл артта қалуды еңсеруде елеулі прогреске қол жеткізгенге дейін олар өте жоғары деңгейде ынталандыру болуы керек деп қосты.

Алайда, бір апта ішінде теңгеге қысым мұнай бағасының төмендеуін көрсетті, оның құны Азиядағы эпидемиологиялық жағдайға байланысты қауіптің өсуі аясында арзандады. Сонымен қатар, Иранның ядролық бағдарламасы бойынша келіссөздердегі прогресс туралы хабарламалар нарыққа қысым көрсетуде. Бейсенбі күні Иран президенті Хасан Роухани Батыс елдері елге, оның ішінде мұнай және мұнай химиясына қатысты негізгі санкцияларды алып тастау ниетін растағанын айтты. S&P Global Platts сілтеме жасаған сарапшылар АҚШ пен Иранның ирандық атом бағдарламасы бойынша бірлескен кешенді іс-қимыл жоспарына (SVPD) оралуы келесі жылы Иранда мұнай өндіруді тәулігіне шамамен 3,9 миллион баррельге (т/б) дейін арттыруға әкелуі мүмкін деп санайды. Мұнай бағалары бейсенбі күнгі сауда-саттық кезінде 2 %-дан астам төмендеді.

Лондондағы ICE Futures биржасында шілде айындағы Brent мұнай фьючерстерінің құны барреліне \$66,44 (-3,3%) деңгейінде жабылды. Мәскеу биржасындағы Ресей рубліне АҚШ долларының бағамы 73,6222 рубльді (-0,5%) құрады.


Ресей рублінің құны 0,0265 теңгеге (0,5%) – 5,8291 теңгеге дейін өсті. Қытай юаны 0,0943 теңгеге (0,1%) – 66,7043 теңгеге дейін қымбаттады.

### Шетел валюталарының бағамы динамикасы



	Бағасы	Δ 7к, %	Δ 30к, %	Δ 2020, %
— GBPKZT	606,09	1,1	0,9	6,1
— USDKZT	429,21	0,4	-0,1	2,0
— EURKZT	522,99	1,4	0,9	1,3
— CNYKZT	66,67	0,6	0,8	3,4
— RUBKZT	5,83	1,4	3,4	3,2

### Brent мұнай құны USD/баррель



Анықтама: Кесте мен сызба ҰБ арнайы нарық бағамы негізінде жасалған. ҰБ бағамы KASE бағамымен айырмашылығы болуы мүмкін.



Халықаралық индекстер

Шикізат нарығы

21.05.2021

Атауы	Мәні	Тренд %			Фьючерс 7к	Атауы	Бағасы	Тренд %		
		7к	1а	1ж				7к	1а	1ж
S&P 500	4 155,86	-0,4	-0,4	40,9	-0,4	Мұнай (Brent)	66,44	-3,3	1,7	84,2
Dow Jones	34 207,84	-0,5	0,2	39,8	-0,5	Мұнай (WTI)	63,58	-2,7	3,6	87,4
PTC	1 569,55	1,3	7,2	30,1	1,4	Табиғи газ	2,91	-1,9	7,9	69,9
MMBБ	2 285,53	0,0	0,0	0,0	1,4	Мыс	449,60	-3,6	5,1	83,4
Hang Seng	28 458,44	1,5	-0,6	17,2	1,5	Темір	1 210,50	-2,1	-0,5	59,2
SS CSI 300	5 134,15	0,5	0,7	31,2	0,5	Алтын	1 881,25	2,1	4,9	9,1
Euro Stoxx 50	4 025,78	0,2	1,2	38,6	0,3	Күміс	27,47	0,4	3,4	58,5
FTSEuroFirst	4 459,50	0,1	2,5	31,0	0,1	Астық	674,25	-7,3	0,1	30,7
FTSE 100	7 018,05	-0,4	1,8	16,7	-0,2					
KASE	3 361,77	1,9	4,2	46,1						

Экономикалық оқиғалар күнтізбесі

Валюта

Болжам

Алдыңғы

25.05	Германияның ЖІӨ (тоқ/тоқ) (1 тоқ.)	EUR	-1,7%	-1,7%
25.05	Германияның IFO Іскерлік климат индексі (мамыр)	EUR	98,1	96,8
25.05	Жаңа тұрғын үй сату (сәу)	USD	975K	1 021K
26.05	Шикі мұнай қорлары	USD		1,321M
27.05	ЖІӨ (тоқ/тоқ) (1 тоқ.)	USD	6,5%	6,4%
27.05	Жұмыссыздық бойынша жәрдемақы алуға алғашқы өтінімдер саны	USD	425K	444K

Анықтама: Күнтізбе KASE пікірі бойынша ағымдағы аптаның экономикалық неғұрлым маңызды оқиғалары

B – миллиард  
M – миллион  
K – мың

Қазақстанның макроэкономикалық статистикасы

Мәні

Күні

2020 жыл  
басына

Жылдық инфляция	7,0%	01.05.21	5,6%
ҚР ҰБ Жалпы халықаралық резервтері, млн USD	34 674	01.02.21	35 638
Қаржы базасы, млрд KZT	9 173,8	01.01.21	8 652,5
Қаржы массасы, млрд KZT	25 392,0	01.01.21	20 875,8
Қазақстанның несие рейтингі	Рейтинг	Күні	Алдыңғы

S&P Global

MOODY'S

Fitch Ratings

BBB-/A-3  
тұрақты

06.03.21

BBB- тұрақты

Ваа3 позитивті

17.02.21

Ваа3 позитивті

BBB тұрақты

20.02.21

BBB тұрақты



## "Қазақстан қор биржасы" АҚ

**Мекен-жайы:** Қазақстан Республикасы,  
050040, Алматы қ., Байзақов 280 БЦ  
"Almaty Towers"

**Тел.:** +7 (727) 237 53 00



**Корпоративтік веб-сайт**



**Бізбен байланысыңыз**



**Листингілік компаниялардың  
корпоративтік оқиғалар  
күнтізбесі**



"Осы есетегі ақпараттар мен пікірлерді "Қазақстан қор биржасы" АҚ (әрі қарай - KASE) мамандары әзірледі, . KASE осы есебінде берілген ақпараттардың толық әрі дәл , дұрыс болуына кепілдік бермейді. KASE де, қызметкерлердің біреуі де осы есептің немесе онда ұсынылған мәліметтер мен талдауларың пайдалану нәтижесінде келген зиянға жауап бермейді . KASE осы есепті үнемі жаңартуға жауап бермейді, сондай-ақ осы есепті дайындаған сәттен бастап, барлық өзгерістер туралы хабарлауға жауап бермейді:

1. Қаржы құралдарына түсетін инвестициядан табыс көбінесе нарықтық және нарықтық емес факторлардан туындайды. Көбінесе, инвестордың нақты кірісіне пайыздық мөлшерлемелердің ауытқулары, салық төлеу нормалары, валюталық бағам қозғалысы, бағалы қағаздардың баға белгілеулерін, нарықтық индекстердің, компанияның өндірістік және қаржылық көрсеткіштерін өзгерту, сондай-ақ басқа факторлар;
2. Өткен қорытындылар болашақтағы көрсеткіштердің қандай болатынын үнемі көрсете бермейді. Сонымен қатар, болашақтағы нәтижелер бағасы орындалмайтын ұйғарымдарға негізделген. Кез келген инвестиция мен кірістің құны төмендеуі немесе жоғарылауы мүмкін, оның нәтижесінде инвесторлар барлық инвестицияланған соманы кері ала алмайды. Инвестициялар үшін жалпыға танымал нарық боламын жағдайда инвесторлар түрлі қиындықтарға кездеседі, мәселен олардың сатылуы немесе олардың тәуекелімен байланысты оның құны туралы сенімді ақпарат алудан бастап;
3. Есеп жеке қаржы ерекшеліктер мен оны алатын тұлғалардың мақсатын ескермей жасалған

KASE инвесторларға қандай да бір инвестициялар мен стратегиялардың мақсаттылығын бағалауды ұсынады және қаржы кеңесшілерінің қызметін пайдалануға шақырады.

Есеп берудің барлық құқықтары KASE тиесілі. Осы талдау материалын тарату және/немесе толық өндіру KASE жазбаша келісімінсіз жүзеге асырылады.